

2025-2026 жылдардағы " М.Әуезов атындағы ОҚЗУ студенттерінің жатақханадағы тұрмыстық жағдайына қанағаттануы " атты сауалнамасы бойынша декан сағаты шешімдерінің орындалу нәтижелері

Хаттама нөмірі мен күні	Шешім	Орындалуға жауапты	Растайтын құжаттар, іс-шара атауы	Ескертпе
05.11.2025ж.	<p>1.Қауіпсіздік және тәртіпті сақтау қызметі жатақханалар аумағында қауіпсіздікті қамтамасыз ету және мүліктердің жоғалу фактілерінің алдын алу мақсатында тәулік бойы бейнебақылау жүйесін тиімді пайдалану, күзет қызметінің кезекшілігін күшейту және түнгі уақытта тыныштық тәртібін сақтау бойынша профилактикалық іс-шараларды тұрақты түрде ұйымдастырсын. (Орындау мерзімі: жыл бойы)</p>	Б.Ашимов	<p>Сауалнама нәтижесі бойынша жатақханаларда көрсетілген мәселелерді талқылап, қауіпсіздікті және тәртіпті сақтау қызметі мүліктердің жоғалып кетпеуі үшін төмендегі іс-шаралар жүргізілді.</p> <p>2025 жылдың қазан-қараша айларында жатақханаларда қосымша бейне бақылау орнатылып қосымша есікттерінің құлыптарын ауыстырып, күзетуші қызметкерлерінің кілті өздерінің бақылауында ұстауда.</p> <p>Белгілі тәртіп бойынша заттар кіріс-шығыс журналдарына тіркелуде. сонымен қатар жатақханаларда студенттердің арасында қоғамда орын алып жатқан қылмыстардың алдын-алу және</p>	

			<p>жолын кесу мақсатында Шымкент қаласы ПД-нің ұйымдасқан қылмыспен күрес, есірткіге қарсы күрес басқармаларының және Тұран, Эль-Фараби, Абай аудандық полиция қызметкерлер, жас өспірімдердің қылмысымен күрес бөлімшесінің қызметкерлерінің қатысуымен жиналыстар өткізілді. Аталған жиында университетіміздің проректоры Ғ.Бесбаев және тәртіпке шақыру департаментінің басшыларының қатысуымен өткізілді.</p>	
	<p>2. Цифрландыру департаменті жатақханалардағы компьютерлік техника санының жеткіліксіздігі мен олардың техникалық жағдайының төмендігіне байланысты, материалдық-техникалық базаны жаңарту жоспарын әзірлеп, жаңа компьютерлік құрылғылармен қамтамасыз ету және интернет желісінің тұрақты жұмыс істеуін бақылау жөнінде шаралар қабылдансын. (Орындау мерзімі: 20.01.2026ж.)</p>	<p>М.Уатбаев</p>	<p>2025-2026 оқу жылында Мемлекеттік сатып алу порталы арқылы 500 дана компьютер сатып алу жоспарланып отыр. Алдағы уақытта жеткізілетін жаңа компьютерлердің бір бөлігін жатақханаға беру мәселесі қарастырылған. Қазігі уақытта жатақханаларда интернет желісі үздіксіз әрі тұрақты жұмыс істеп тұр.</p>	

	<p>3. Тәрбие ісі және жастар саясаты департаменті «ОҚУ студенттерінің жатақханадағы тұрмыстық жағдайына қанағаттануы» атты сауалнама нәтижелерін талқылап, жекеменшік жатақханалардағы кемшіліктер бойынша түзету шараларын қарастырсын (Орындау мерзімі: 20.12.2025 ж.)</p>	<p>Ш.М. Зулпанов</p>	<p>Жоспар тармағының көшірмесі</p> <p>Сауалнама нәтижесіне сай, барлық студенттер өз тұрақтылықты жеріндегі бүкіл мәселелерді сауалнамада көрсетіп өтті. Сондай ақ бөлме жиһаздары, есік құлыптарының жатақхана бойынша жарамсыз болып қалғандарын, сол жатақхана шаруашылық әкімшілігіне ескертіп, жөндеу жұмыстары жүргізілді және де жатақхана асханаларына студенттердің көңілі толатындығына ешқандай кем-кетістік жоқ екендігі анықталды. Тәрбие ісі және жастар саясаты департамент директоры Ш.Зулпанов жатақханада ішкі тәртіпті сақтауға және кешкі сағат 23:00 ден кейін кіруге және шығуға болмайтынын ескертті. Тазалық пен санитарлық талаптарды сақтау бойынша ескертулер айтылды. Қауіпсіздік бойынша жауапты тұлға өрт қауіпсіздігі электр құралдарын</p>	
--	---	----------------------	--	--

			пайдалану және төтенше жағдай кезіндегі әрекеттер жөніндегі ақпарат берілді. Жеткізу қызметімен яғни (мопед, скутер т.б) сияқы жұмыстармен айналысуға тиым салынатынын атап өтті.	
--	--	--	---	--